



ЖАҢАЛЫҚТАР

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ АЭС АТАУЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Қазақстанда елдегі алғашқы атом электр станциясына үздік атау беру бойынша жалпы халықтық байқау аяқталды, - деп хабарлайды Tengrinews.kz.

Байқау 25 қыркүйек пен 10 қазан аралығында eGov Mobile платформасында өтті. Конкурс комиссиясының қорытынды отырысының нәтижесі бойынша азаматтардан ең көп ұсынылған «Балқаш» атом электр станциясы» атауы жеңімпаз деп танылды. Таңдалған атау атом электр станцияларын географиялық белгі бойынша атау жөндегі халықаралық тәжірибеге де сәйкес келеді, - деп жазылған хабарламада.

Байқауға 16 жастан асқан 27 157 Қазақстан азаматы қатысқан. Әр қатысушыда бір ғана атау ұсыну мүмкіндігі болды.

«Конкурс комиссиясының отырысында ең танымал 100 атау қаралды. «Балқаш» атом электр станциясы» атауын 882 азамат ұсынды және ол танымалдығы бойынша қорытынды рейтингте бірінші орын алып, конкурс жеңімпазы атанды, - деп жазылған хабарламада.

2026 ЖЫЛДАН БАСТАП ЗЕЙНЕТАҚЫҒА ҚАНША ҚОСЫЛАДЫ

2026 жылдан бастап Қазақстанда зейнетақы төлемдері қаншаға артаатыны белгілі болды, - деп хабарлайды BAQ.KZ.

Сенатқа Мәжіліс мақұлдаған 2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заң жобасы түсті. Құжатта әлеуметтік төлемдер мен зейнетақы көлемін арттыруға қатысты маңызды өзгерістер қарастырылған.

Жобаға сәйкес, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап жасына байланысты төленетін зейнетақы, еңбек өтілі үшін берілетін зейнетақы төлемдері 10 пайызға ұлғайтылмақ.

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап белгіленетін негізгі әлеуметтік көрсеткіштер:

- Ең төменгі жалақы – 85 000 теңге;
- Мемлекеттік базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері – 35 596 теңге;
- Ең төменгі зейнетақы мөлшері – 69 049 теңге;
- Айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 4 325 теңге;
- Ең төменгі күнкөріс деңгейі – 50 851 теңге.

ЕНДІ ҚАРЫЗДЫ БІР КҮН КЕШІКТІРГЕН АЗАМАТТАРҒА НЕСИЕ БЕРІЛМЕЙДІ

Енді қаржы мекемелері берешекті бір күн кешіктірген азаматтарға несие бермейді. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі тұтынушы несиешіні шектеуді көздеуін қаулы қабылдады, - деп хабарлайды BAQ.KZ.

Құжатта кейінгі 12 айда 90 күн төленбеген қаржы бар азаматтардың борыш жүктемесі коэффициенті (БЖК) 0,5-тен 0,25-ке дейін төмендету көзделген. Мұндай шара тұрғындардың берешегі шамадан тыс көбейіп кетпес үшін жасалып отыр.

Агенттік кепілсіз кредит қандай жағдайда берілмейтінін түсіндірді:

• Банкке қарыз 30 күннен аса, микрокредиттер бойынша 1 күннен аса төлем мерзімі өткен кезде;

• 2025 жылғы 1 шілдеден бастап кейінгі 36 айда негізгі борыш және сыйақы бойынша толық кешірілген берешек болған кезде;

• кейінгі 12 айда қарыз алушының өз міндеттемелерін тиісінше орындауына ықпал етпеген қайта құрылымдау жүргізілсе.

Мұндай өзгеріс келесі аптада, яғни 2025 жылғы 24 қарашадан бастап күшіне енеді.

БАРЛЫҚ БАҒЫТТА ОҢ ӨСІМ БАР



18 қараша күні Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі Рахат Смағұлов Солтүстік Қазақстан облысының аймақтық коммуникациялық қызметінің алаңында брифинг өткізіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы және 2026 жылға арналған жоспары туралы айтты.

Соңғы жылдары Мағжан Жұмабаев ауданында әлеуметтік-экономикалық дамуда оң динамика байқалады.

Мәселен, ауыл шаруашылығы - 25%, өнеркәсіп - 5,9%, инвестициялар - 18,8%, сауда - 3% артқан.

Жыл басынан бері аудан экономикасына 18,6 миллиард инвестиция салынды, өсім - 18,8%. Оның - 75% жеке инвестициялар.

Биыл соңғы онжылдықта рекордты астық өнімі өндірілді. Жедел ақпараттар бойынша астықтың өнімі гектарынан 26 центнерден астам.

Сондай-ақ ауданның агроқұрылымы-

дары бұрын-соңды болмаған жеңілдетілген қаржыландыру түрінде 18 млрд теңге көлемінде мемлекеттік қаржылық қолдау алды.

Мағжан Жұмабаев ауданында гектарынан 30-дан 40 центнерге дейін астықтың ең жоғары өнімін алған шаруашылықтар бар, атап айтқанда, «Ноғайбай» ЖШС, «СК Агро 2050» ЖШС, «Жетісу Жер» ЖШС, «Полудинское» ЖШС, «Земля Возвышенки» ЖШС.

Биылғы жылы аудан бойынша 25 шақырым жол жөндеу жұмыстарымен қамтылды, бұл мақсаттарға 1,8 млрд теңге бағытталды.

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ

Қазақстанда банктер мен микроқаржы ұйымдары үшін ақпараттық қауіпсіздік талаптары жаңартылып жатыр. Тиісті қаулыны ҚРДА басқармасы бекітті. Негізгі жаңалықтардың бірі - телефонмен сөйлесу кезінде аударым жасауға тыйым салу.

Енді аударым жасау кезінде телефонның микрофоны қосылған болса, банк қосымшасы ақша операцияларын автоматты түрде бұғаттайды. Сонымен қатар, құрылғыны қашықтан басқару белгілері анықталған жағдайда, қосымша кейбір функцияларды өшіреді немесе операцияларды толық тоқтатады.

Бұдан бөлек, жаңа ережелер банктер мен микроқаржы ұйымдарын міндеттейді: Жаңа құрылғыдан кірген кезде клиентті биометриялық деректер арқылы сәйкестендіру (Идентификация деректерін алмасу орталығы немесе банктің құрылғылары арқылы);

- Барлық кіру, парольді өзгерту және

ҚАЗАҚСТАНДА МОБИЛЬДІ АУДАРЫМ ЖАСАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ӨЗГЕРДІ

Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚРДА) Қазақстандағы мобильді аударымдар ережелерін өзгертті. Енді клиент ақша аударып жатқан уақытта телефонмен сөйлесе, банктер аударымды бұғаттауға міндетті. Бұл шара телефон арқылы жасалатын алаяқтықпен күресуге бағытталған, - деп хабарлайды Tengrinews.kz.

телефон нөмірлері туралы клиентке хабарлау;

- Ақша операцияларын жүргізу кезінде құрылғының геолокациясын сұрату (клиенттің келісімімен);

- Қосымшада маңызды тәуекелдер анықталса, оны мәжбүрлі түрде жаңарту; - Үш жылда бір рет ISO/IEC 27001 стандарты бойынша сыртқы аудиттен және жүйелердің тұрақтылығын бағалау үшін тәуелсіз тесттен өту.

Сондай-ақ, қаулы банктер мен реттеуші

Тоқтап тұрған «Атнесс Зерно» ЖШС азықтық ұнтақ шығаратын Қытай инвесторының қатысуымен қалпына келтірілді. Алдағы уақытта өндірісті он есе арттыру жоспарланып отыр.

Мағжан Жұмабаев ауданында Пролетарка, Чистовское, Александровка, Ұзынкөл, Таманское-Пулеметовка ауылдарына баратын жолдарды жөндеу жұмыстары басталды.

Советское ауылында Қазақстанда және Орталық Азияда ең ірі 10 мың басқа арналған сүт фермасы жұмыс істей бастады. Шет елден бірінші партия құнажындар өкелінді.

Ауыл шаруашылық құрылымдарының қолдауымен елді мекендердің аумағында рекордты 53 мың ағаш егілді. Бұл жұмыс одан әрі де жалғасын таппақ.

Мағжан Жұмабаев ауданында халықтың әлеуметтік осал тобы ішінде кезекте тұрғандарға арналған 14 пәтердің құрылысы аяқталуда.

Бүгінгі таңда жұмыспен қамтудың белсенді шараларына 317 адам тартылды: Жастар тәжірибесі бойынша - 65 адам, Әлеуметтік жұмыс орындары - 22 адам, Ақылы қоғамдық жұмыстар - 185 адам, Алғашқы жұмыс орны - 21 адам.

Биыл ұзындығы 104 км магистралды су құбырларын қайта салу бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді, жоба құны 4,8 млрд теңгені құрады.

Ауданда білім беру нысандарын кезек-кезегімен жөндеу жұмыстары жүргізілуде, бұл мақсаттарға 2025 жылы 500 млн теңге бөлінді.

Биылғы жылы 9 түлек үздік аттестат алды, 5 түлек «Алтын белгі» иегері атанды, бұл көрсеткіштер өткен жылмен салыстырғанда екі есе артты.

Мағжан Жұмабаев ауданында медицина қызметкерлерінің кадрлық тапшылығын шешу үшін биылғы жылы келген медицина қызметкерлеріне алты пәтер және жеке тұрғын үй берілді.

Сондай-ақ «Рика КЗ» ЖШС өз қаражаты есебінен Ұзынкөл ауылында медициналық пункт салып жатыр.

Мағжан Жұмабаев ауданының үздік спортшылары Зарпа Сұңқар, Жақыпов Нұрсұлтан, Гаманко Святослав және Нуралина Жанель біздің өлкемізді өлемге танытып, халықаралық спорттық аренада Қазақстанның намысын қорғауда.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

АЛМАТЫ - ПЕТРОПАВЛ БАҒЫТЫНДАҒЫ TALGO ПОЙЫЗЫ ҚУНАРА ҚАТЫНАЙТЫН БОЛДЫ

2025 жылдың 15 желтоқсанынан бастап Талғо №105/106 «Алматы - Петропавл» пойызының қозғалыс кестесі жаңартылады, - деп хабарлайды «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз қызметі.

Енді аталған бағыт бойынша пойыз қунара қатынайды. Бұған дейін маршрут төрт күнде бір рет жүретін. Жиліктің артуы оңтүстік пен солтүстік өңірлер арасындағы көлік қолжетімділігін күшейтіп,

қысқы маусымда жолаушылар үшін жол жүруді едәуір қолайлы етеді.

Бұл бағыт бойынша заманауи Talgo вагондары пайдаланылады. Олар сапардың қауіпсіздігін және жол үстіндегі

жайылықты толық қамтамасыз етеді. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін арнайы бейімделген орындар бөлінген, билет құнына 50%-ға дейін жеңілдік қарастырылған. Бір сапарда Талғо пойызымен 600-ден астам жолаушыны тасымалдау мүмкіндігі бар.

Билеттер билет.railways.kz ресми сайтында және барлық теміржол вокзалдарының билет кассаларында қолжетімді. Қосымша ақпарат алу үшін 1433 нөміріне тегін қоңырау шалуға болады.

Пойыздардың нақты келу және жөнелу уақыты туралы ақпаратты сайттағы онлайн-табло арқылы қарауға болады, - делінген хабарламада.

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

ҚАРЖЫГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі мен Ұлттық валюта күні қарсаңында аудан әкімдігінде өткен салтанатты жиында аудан әкімінің орынбасары Достан Тасмағанбетов сала қызметкерлерін құттықтап, аудан әкімінің Алевис хаттарын табыстады.

Өзінің құттықтау сөзінде Достан Серікболатұлы қаржы саласы қызметкерлерінің еңбегі мен кәсібилігінің арқасында аудан экономикасы тұрақты өсіп келе жатқанын айтты.

- Аудан әкімінің атынан және өз атымен Сіздерді қаржы жүйесі қызметкерлерінің күні мерекесімен құттықтаймын!

Бұл мереке экономикалық тұрақтылық пен мемлекеттің дамуына негіз болатын мамандарды біріктіреді. Қаржы ағындарының айқындылығы, бюджет саясатының тиімділігі және мемлекеттік бағдарламаларды табысты іске асыру қаржыгерлерге байланысты.

Қаржыгерлердің жұмысы әртүрлі салаларды қамтиды - мемлекеттік қызмет органдары, банк жүйесі, қаржы ұйымдары, кәсіпорындар мен мекемелер. Қаражатты сауатты басқару, жауапкершілік пен кәсіпқойлық талап етілетін кез келген жерде Сіздер - бюджеттің орындалуын, әлеуметтік бастамаларды қолдауды және экономиканың дамуын қамтамасыз ететін мамандар еңбек етесіз.

Аудан әкімінің атынан барлық қаржыгерлерге адал еңбегі, жоғары кәсібилігі және таңдаған мамандығына адалдығы үшін шын жүректен алғысымыз білдіреміз. Сіздердің ауданның дамуына

қосқан үлестеріңіз зор. Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында бюджеттің тұрақтылығы қамтамасыз етіледі, әлеуметтік бағдарламаларға қолдау көрсетіледі және маңызды жобалар іске асырылады.

Баршаңызға зор денсаулық, амандық, тұрақтылық және ауданымыздың және бүкіл Қазақстан Республикасының игілігі үшін жұмыста одан әрі табыс тілеймін, - деді аудан әкімінің орынбасары.

Бұл күні салтанатты жиналысқа қаржы саласының ардагерлері де шақырылып, олар да әріптестеріне жылы лебіздерін білдірді.

Іс-шара соңында қаржы саласының қызметкерлері, банк қызметкерлері мен мемлекеттік мекеме бухгалтерлері Алевис хаттармен марапатталды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

ҚАЗАҚСТАНДА АЗАМАТТАРДЫ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІ БОЙЫНША ТІРКЕУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРІП ЖАТЫР

Тұрғылықты жері бойынша онлайн-тіркеуден өту үшін пайдаланушыға электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) және оның жеке кабинетіне тіркелген телефон нөмірі (МАН) қажет. Процедура толық автоматтандырылған және онлайн түрде жүзеге асырылады, бұл қызмет алу уақытын айтарлықтай қысқартады. Сондай-ақ азаматтар бұл қызметті Халыққа қызмет көрсету орталықтарының өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында онлайн рәсімдей алады.

Қызмет келесі санаттағы азаматтарға көрсетіледі:

- Қазақстан Республикасының азаматтарына, оның ішінде тұрғын үй иелеріне;

- сәт шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі болып танылған 18 жасан асқан азаматтардың қорғаншылары мен заңды өкілдеріне;

- 14-16 жас аралығындағы балалардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне.

14 жасқа дейінгі балалар жеке тіркеуге тұрмайды. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 16 бабына сәйкес, он төрт жасқа толмаған баланың тұрғылықты жері оның ата-анасының немесе заңды өкілдерінің тұрғылықты жері болып табылады.

14 пен 16 жас аралығындағы балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері тіркейді. Сот шешімімен әрекетке қабілетсіз деп танылған 18 жасан асқан азаматтарды да олардың қорғаншылары eGov.kz порталы арқылы жаңа мекенжайға тіркей алады.

Мемлекеттік жалдамалы тұрғын үйде тұратын азаматтарға қатысты да жаңартулар енгізілді. Енді мұндай үйдің жалға алушысы шартта көрсетілген тұлғаларды тұрғылықты жері бойынша тіркей алады. Егер өтініш беруші жалдау шартындағы тізімде болмаса, жүйе өтінішті автоматты түрде қайтарады.

Мемлекеттік жалдамалы тұрғын үйге тіркеу бойынша сұрақтар туындаған жағдайда, тұрғын үй орналасқан

2025 жылғы 24 қарашадан бастап азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеу рәсіміне енгізілген өзгерістер күшіне енеді. Қызмет тек онлайн форматта – eGov.kz электрондық үкімет порталы немесе eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы көрсетіледі.

Қазақстанда азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеу тәртібі өзгеріп жатыр



жердегі жергілікті атқарушы органға жүгінген жөн.

Маңызды: Егер өтініш беруші өзіне тиесілі емес мекенжайға тіркелуге өтініш берсе, жүйе үй иесіне 1414 нөмірімен SMS-код жібереді. Тұрғын үйдің иесі хабарлама алынған сәттен бастап бір сағат ішінде келісімін растауы қажет.

eGov.kz порталы арқылы қызметті қалай алуға болады:

- Порталда авторизациядан өтіңіз және мына бөлімге кіріңіз:
- Азаматтарға → Азаматтық, миграция және иммиграция → Тұрғылықты жері бойынша тіркеу.
- «Онлайн сұрау» батырмасын басыңыз.
- Электрондық өтінімді толтырып, ЭЦҚ немесе бір реттік SMS-код арқылы қол қойыңыз.
- Қызмет нәтижесін жеке кабинеттен көруге болады. Өтінімнің өңделу мәртебесі «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде көрсетіледі.

eGov Mobile арқылы тіркеуден өту тәртібі:

- eGov Mobile қосымшасына кіріп, «Мемлекеттік қызметтер» бөліміне өтіңіз.
- «Жылжымайтын мүлік және ТКШ» бөлімінен «Қазақстан Респуб-

ликасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу» қызметін таңдаңыз.

3. Қажетті деректерді енгізіп, тіркеу себебін көрсетіңіз.

4. Қызметке қол қоюдың қолжетімді тәсілдерінің бірін пайдаланыңыз.

5. Өтінім мәртебесін «Хабарламалар» → «Жеке кабинет тарихы» бөлімінен тексеруге болады.

Ерекше жағдай: меншік иелері немесе үлескерлері көмектете алмаған балалар, сондай-ақ сот шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамдар болып табылатын тұрғын үй мекенжайы бойынша тіркеу тек офлайн → Халыққа қызмет көрсету орталықтарында жүргізіледі.

Онлайн форматқа көшу оң статистикамен расталып отыр. 2025 жылдың басынан бері Қазақстанда тұрғылықты жері бойынша онлайн-тіркеу қызметін шамамен 750 мың адам пайдаланды, бұл көрсеткіштің қызметтердің жалпы санының 70 пайыздан астамын құрайды.

Жайна СЕЙДАХМЕТ, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ДЕПАРТАМЕНТ
166 АЗАМАТТЫҢ
ҚҰҚЫҒЫН ҚАЛПЫНА
КЕЛТІРДІ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет саласында заңдылық пен әділдікті қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер мен азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау жұмыстары нәтижесінде 166 адамның, оның ішінде 16 мемлекеттік қызметшіге – жоспарлы тексерулердің, 14 азаматқа – жоспардан тыс тексерулердің, 8 қызметкерге – тәртіптік тәжірибені талдау нәтижелері бойынша құқығы қалпына келтірілді.

Жүргізілген тексерулер нәтижесінде жиі кездесетін заңбұзушылықтар анықталып, оларды жою және алдағы уақытта жол бермеу шаралары қабылданды. Атап айтқанда, бірқатар мемлекеттік органдарда әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасу бойынша өткізілген кейбір конкурстар бақылау іс-шараларының нәтижелерімен заңсыз деп танылып, күші жойылды. Сондай-ақ заңсыз салынған тәртіптік жазалардың да күші жойылып, жауапты тұлғаларға тәртіптік жауапкершілікке тарту тәртібін сақтау жөнінде ұсынымдар берілді.

Бұдан бөлек, жұмыс уақыты режимінің мониторингін нәтижесінде 128 мемлекеттік қызметшіге қосымша демалыс күндері беріліп, артық атқарылған жұмыс уақыты өтелді. Бұл олардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге мүмкіндік берді.

Департаменттің бақылау қызметі мемлекеттік қызмет жүйесінде заңдылық пен әділдік қағидаттарын нығайтуға, сондай-ақ лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

«Біздің басты мақсатымыз – тексеру жүргізу ғана емес, азаматтар мен мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын шынайы қорғауды қамтамасыз ету. Заңдылық формальдылық емес, әділдіктің нақты тетігі болуы тиіс», - деді Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы Ержан Қарымсақов.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Үй жануарлары – біздің адал серігіміз, бізге қуаныш сыйлайды, көңілімізді көтеріп, жанымызға жылулық береді. Алайда, кішкентай достарымызға қамқорлық жасаумен қатар, оларға жауапсыздық таныту жағдайлары да жиі орын алады. Өкінішке орай, бұл жануарларға қарау саласындағы ең өзекті мәселелердің бірі болып қала береді.

АДАМНЫҢ
ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНА
ЖАУАПСЫЗ ҚАРАУ
МӘСЕЛЕСІ

Жануарларға деген жауапсыздық тиісті күтім мен ветеринариялық көмек көрсетілмеуінен бастап, оларды әдейі қараусыз қалдыруға дейінгі түрлі әрекеттер арқылы көрініс табады. Мұндай әрекеттер адамгершілік нормаларын бұзып қана қоймай, қаңғыбас жануарлар санының өсуіне өкпелі соғады да, санитариялық қауіпсіздік пен халықтың өл-ауқатына қауіп төндіреді.

Әрбір тіршілік иесіне қамқорлық қажет екенін түсінген жөн. Үй жануарларын асырап алу туралы шешім қабылдағаннан кейін, адам оның өмірі, саулығы мен амандығы үшін жауапкершілікті өз мойнына алады. Жануар ойыншық, уақытша хобби емес, ауырынуы, қорқыныш пен сүйіспеншілікті сезінуге қабілетті тіршілік иесі.

Мемлекеттік органдар қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, жануарлардың қараусыз қалуының алдын алу бойынша жүйелі түрде жұмыс жүргізеді. Қаңғыбас жануарларды стерилизация, вакцинация, есепке алу, иелері халықтың әлеуметтік жағиынан осал топтарына жататын үй жануарларын есепке алу жөніндегі бағдарламалар, сондай-ақ азаматтардың жануарларды ұстауға жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға бағытталған ағарту іс-шаралары іске асырылып жатыр. Алайда, ержақсымыз ат салыспай, бұл мәселені шешу мүмкін емес.

Біз тұрғындарды саналы және мейірімді болуға шақырамыз. Қиындыққа тап болған жануарларға бейжай қарамаңыздар, қатыгездік фактілері туралы тиісті қызметтерге хабарлаңыздар. Үй жануарларына жауапкершілікпен қарау – бұл қоғамның дамығандығын және әрбір адамның адамгершілік деңгейін айқындайтын көрсеткіш.

Бірлесу әрекет еткенде ғана бірде-бір жануар ұмыт қалмауын, қараусыз тастанды қалмауын қамтамасыз ете аламыз.

Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясы.

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында ел өмірінің басты салаларына ерекше назар аударды. Президент міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің дамуын да атап өтті. Айта кету керек, елеулі реформалар 2026 жылы енгізілетін болады. Қазақстандықтарды қандай өзгерістер күтіп тұр және әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жұмысы қалай өзгереді? Осы және басқа да сұрақтарға «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының директоры Айнагүл Давлетчина жауап берді.

– Президент 2025 жылғы 9 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында *Үкіметке жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, медициналық қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторингтің жаңа жүйесін қалыптастыруды тапсырды. Қазіргі уақытта ӘМСК медициналық қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторингті қалай жүргізеді?*

– 2025 жылғы 1 шілдеден бастап медициналық көмектің сапасы мен көлемін мониторингке рәсімдері өзгертілді. Енді медициналық көмек көрсетудің сапасы мен көлеміне мониторинг экстерриториалдылық қағидатын және үш кезеңдік апелляция мүмкіндігін қолдана отырып, барлық 20 өңір үшін Медициналық көмекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесі» акпараттық жүйесі енгізілді.

2025 жылдың наурыз-маусым айлары аралығында бұл жоба Ақмола облысында пилотты түрде қолданылды. Форматты-логикалық бақылаудың қолданылуы тандалып, қажет болған жағдайда ауытқуларды анықтау алгоритмдеріне өзгерістер енгізілді, анықталған ақаулар бойынша медициналық ұйымдардың қарсылықтарының негізділігі тексерілді. Яғни, Қордың бір АЖ-де мониторингтің барлық процестері біріктірілді. Бұрын мониторинг Денсаулық сақтау жүйесінің бірнеше платформаларында жүргізілген болатын.

Мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында ағымдағы мониторинг жүргізу кезінде экстерриториалдылық қағидаты енгізілді, яғни бір өңірде өнім берушінің мониторингін Қордың басқа өңір мамандары жүргізеді, оның қорытындысы бойынша медициналық ұйымдар акпараттық жүйе арқылы қарсылықберсе, сарапшының пікірімен келіспеген жағдайда қарсылықты қайта береді (автоматты жүйе басқа өңірден келген сарапшының қарауына жібереді) және екі аумақтық сарапшының пікірлері сәйкес келмеген жағдайда акпараттық жүйе ақау жағдайды Қордың орталық аппаратына апелляцияға жібереді. Яғни, үш сатылы апелляциялық жүйе енгізілді.

Акпараттық жүйе енгізілуімен ақауларды автоматты түрде анықтау мүмкіндігі айтарлықтай өсті, оның ішінде тіркеу фактілерін анықтау болып отыр. Осылайша, өткен жылмен салыстырғанда тіркеу ақаулары 39 есеге өсті. Тамыз айында ақау жағдайлары азайды, соның ішінде тіркеу саны 5 есе азайды. Яғни, медициналық ұйымдар ақау жағдайларды одан әрі болдырмау үшін күнделікті қателіктермен жұмыс жасайды. Егер медициналық ұйым айына 200 АЕК-тен астам тіркеуге рұқсат берсе, біз материалдарды құқық қорғау органдарына жібереміз.

Біздің облысы бойынша 200 АЕК-тен аса тіркеліп жок. Қордың бірыңғай жүйесін өзгерту бойынша жұмысты жалғастыруда. Осылайша, жасанды интеллект көмегімен Қор медициналық көмек көрсетудің 14 стандартын іске қосты. Сондай-ақ, ол АІ көмегімен ақаулар мен

бұзылуларды анықтаудың 350 алгоритмін енгізді. Сонымен қатар, АІ қазір сынақтан өтіп жатқан 45 алгоритмді дербес әзірледі. Бұл жұмысты одан әрі дамыту үшін медициналық көмек стандарттары мен клиникалық хаттамаларды жаңарту және цифрландыру көзделді.

– 14 шілдеде Мемлекет басшысы МӘМС туралы заңға енгізілген өзгерістерге қол қойды, онда ТМҚК және МӘМС пакеттеріне қатысты бірқатар өзгерістер енгізілді?

– Негізгі өзгерістердің қатарында бюджет мүмкіндіктері мен халықтың қажеттіліктері тұрғысынан теңдестірілген медициналық көмектің бірыңғай пакетін қалыптастыру болып табылады. Базалық бөлікке мемлекет кепілдік береді, ал кеңейтілген қызметтер МӘМС жүйесі арқылы төленетін болады. Негізгі пакеттен тыс барлық медициналық көмек сақтандыру жүйесімен қамтылуы керек. Бұл медициналық көмек жүйесін әділ және тұрақты етуге мүмкіндік береді.

Қабылданған өзгерістерге байланысты онкологиялық скринингтер (РМЖ, РПМ, КРР) 2025 жылғы 15 тамыздан бастап ТМҚК пакетіне көшті және МӘМС жүйесіндегі сақтандыру мәртебесіне қарамастан барлық азаматтар үшін тегін болды. Сонымен қатар, МӘМС жүйесінде 50-76 жаспан асқан ер адамдар үшін 2 жылда 1 рет ми қан айналымының бұзылуын ерте анықтауға скрининг енгізілді.

Скрининг үшін мида қоса, қанмен қамтамасыз ететін брахиоцефалиялық артериялардың ультратүбегілік зерттеуі қолданылады. Бұл жаңалық инсульт пен цереброваскулярлық басқа аурулардың қауіпін ерте кездерде анықтауға мүмкіндік береді, бұл сәтті емдеу мүмкіндігін жақсартыды.

2026 жылдан бастап ТМҚК пакетінде консультативтік-диагностикалық қызметтер мен амбулаторлық-дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді үшнұсмен ІІ әлеуметтік маңызы бар ауру қалады, сондай-ақ 2026 жылдан 2027 жылға дейін ТМҚК-дан динамикалық бақылауға жататын аурулардың барлық топтары емдеуге МӘМС-ке кезек-кезеңімен көшу жоспарлануда.

МӘМС базалық пакетіне 2026 жылдан бастап амбулаториялық диализ, сондай-ақ консультативтік-диагностикалық көмек, амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, динамикалық бақылауға жататын созылмалы аурулардың (бауыр аурулары; қан және қан түзуші органдардың аурулары; АІЖ жоғарғы бөлімдерінің аурулары; инфекциялық емес энтерит және колит; артропатиялар) 24 тобы кезінде жоспарлы нысанда стационарлық және стационарды алмастыратын көмек өтеді, дорсопатиялар; қалқанша безінің аурулары; қуық асты безінің гиперплазиясы; сүт безінің катердік дисплазиясы; өйел жаныс мүшелерінің қабынбайтын аурулары; бронхопульмональды дисплазия; туа біткен жүрек ақаулары; туа біткен ақаулар).

МӘМС туралы заңға енгізілген өзгерістердің негізгі бағыты мен мақсаты – 2027 жылдан бастап

денсаулық сақтауды қаржыландырудың сақтандыру моделіне кезек-кезеңімен көшіру. Яғни, денсаулық сақтау жүйесіндегі қызметтер мен шығыстардың үлесі негізінен МӘМС есебінен шамамен 65%, ал ТМҚК есебінен 35% құрайды. Денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығы қамтамасыз етіледі; ӘМСК қаражаты мен қызметін пайдаланудың ашықтығы, МӘМС жүйесінде халықты қамту 90-ға дейін ұлғаяды.

– МӘМС туралы заң жобасына енгізілген өзгерістерде халықтың әлеуметтік осал топтарына маңызды рөл берілді. Бұл бағытта жұмыс қалай жүргізіледі?

– Облыста МӘМС үшін жарналарды өз бетінше төлей алмайтын тұрғындар бар, соның салдарынан оларды медициналық қызметтермен қамту мүмкін болмайды. Енді 2026 жылдан бастап дағдарыстық және шұғыл санаттарға жататын адамдар, яғни Д және Е санаттарындағы адамдар, сондай-ақ ресми тіркелген жұмыссыздар жергілікті атқарушы органдар есебінен медициналық қызметтерді алатын болады. Олар үшін жарналарды жергілікті әкімдіктер осы азаматтардың медициналық көмекке жүгіну фактісі бойынша төлейтін болады.

Қазіргі уақытта Солтүстік Қазақстан облысында халықтың әлеуметтік осал топтарына – 26 312 адам, оның ішінде Д санатында – 19 872 және Е санатында – 6440 адам жатады. Сондай-ақ, облыста ресми түрде 4 650 жұмыссыз тіркелген.

– Сақтандыру мәртебесін сақтау үшін тағы қандай өзгерістер енгізілуде?

– Бұдан басқа, МӘМС жүйесінде медициналық көмекке қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында жарналарды қатарынан кемінде бес жыл төлеген азаматтар төлемдерді уақытша тоқтата тұру кезінде (бұрын мұндай норма үш айға қолданыста болған) алты ай ішінде Сақтандырылған тұлға мәртебесін сақтай алатын норма енгізілді. Мысалы, егер адам осы уақыт ішінде жұмысқа орналасып, жарналарын үнемі төлеп отырса, бірақ жұмысынан және табысынан айырылса, оған МӘМС бойынша Медициналық қызметтер көрсетілетін болады. Алайда, осы өткізін алған айлар үшін қарызды өтеуі қажет болады.

– МӘМС аясында облыс тұрғындары үшін жоғарғы технологиялық операциялар қолжетімді. Пациенттерге осындай қанша медициналық қызмет көрсетілді?

– Жоғарғы технологиялық операциялар жоспарлы және шұғыл түрде көрсетілді. МӘМС жүйесінде әркімнің ай сайынғы жарналарын арқасында қымбат ем алуға мүмкіндігі бар. Жоғарғы технологиялық операцияларды қолдана отырып шұғыл көмек қажет болған жағдайларда сақтандырылмаған тұрғындар МӘМС есебінен сақтандырылған ТМҚК шеңберінде қымбат ем ала алады.

Жыл басынан бері өңір тұрғындары 257, 4 млн. теңгеге 41 жоғарғы технологиялық медициналық қызмет алды, оның



ішінде МӘМС бойынша 25 (155,6 млн. теңге) және ТМҚК бойынша 16 (101,8 млн. теңге). Оның ішінде Нейрохирургиялық бейін бойынша – жалпы сомасы 192,6 млн. теңгеге 33 операция және кардиологиялық бейін бойынша – 64,8 млн. теңгеге 8 операция жүргізілді.

– Өздеріңіз білетіндей, тұрғындар әдетте медициналық ұйымдарда кезекке тұруға, тар маманға жолдама бермеуге және тар мамандардың жетіспеуіне шағымданады. Бұл жұмыс осы бағытта қалайша жүргізіледі?

– Айта кету керек, халыққа медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, емханаларды, ауруханаларды медициналық кадрлармен қамтамасыз ету облыстық медициналық ұйымдары мен денсаулық сақтау басқармасының бас дәрігерлерінің қузыретіне кіреді. Бұдан басқа, медициналық ұйымдар пациенттерді қабылдау кестесін жасайды, кесіптік тексерулерді, скринингтерді ұйымдастырумен айналысады, балаларды, жүкті әйелдерді, диспансерлік есепте тұрған пациенттерді патронажбен қамтуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ тар маманға және диагностикалық зерттеулерге жолдама беруді тек көрсеткіштер бойынша жүргізеді.

Егер пациентке гастроэнтеролог немесе кардиолог сияқты тар маманның көмегі қажет болса, учаскелік дәрігер жолдама беруге құқылы. Сондай-ақ, ол қосымша тексерулер, зерттеулер жүргізе алады және емделуші дәрігер тағайындаған жағдайда көрсеткіштер бойынша тар мамандарға жүгіне алады. Бұдан басқа, ҚР ДСМ №49 бұйрығына сәйкес кеңейтілген тәжірибе медбикесі консультативтік-диагностикалық қызметтерге (КДЖ) қабылдауды өз бетінше жүргізе алады және жолдама бере алады.

Кейбір жағдайларда азаматтар бейінді дәрігерлердің қабылдауына жолдамасыз тікелей түсе алады:

- * Төтенше жағдайлар және қарақаттар;
- * пациенттердің жекелеген санаттарын стоматологиялық көмекке жүгіну;
- * дерматовенерологиялық бейіндегі аурулар бойынша бейінді маманға жүгіну;
- * жүктілік бойынша есепке қою жағдайларын қоспағанда, акушер-гинекологқа және тіркелген жері бойынша психологқа жүгіну;
- * онкологиялық және гематологиялық бейіндегі ауруға күдік болған жағдайда бейінді дәрігерге жүгіну;
- * жастар денсаулық орталықтарына жүгіну (өзін-өзі айналыру);
- * динамикалық бақылау кезінде бейінді дәрігерге жүгіну;
- * бір өтініш беру жағдайында, сондай-ақ неоплазмаға күдік

туындаған жағдайда бейінді маманды қайта қабылдау;

* жылжымалы медициналық кешендермен және медициналық пойыздармен қызмет көрсету.

ҚР ДСМ №321 бұйрығына сәйкес пациент жоспарлы түрде 15 жұмыс күні ішінде тар маманның қызметін күте алады. Егер емханада қандай да бір бейіндегі қажетті маман немесе жабдық болмаса, өнім беруші қор базасында тұратын медициналық ұйымдардың арасынан бірлесіп орындау шартын жасау арқылы бірлесіп Орындаушыны тартуға және пациентті осы клиникаларға жіберуге міндетті.

Егер ешкімнен шарт жасалмаса, онда пациент осы қызмет түрі бойынша қор жеткізушілерінің біріне жіберілуі тиіс, шарт автоматты түрде жасалады. Нормативтерге сәйкес, тіркелген халқы 30 000-нан асатын емханалар, қызметтер аудандық деңгейде бірлесіп орындау шеңберінде 60%-ға дейін, қалада – 50%-ға дейін көрсетілуі мүмкін. Ал емханаларда 30 000-нан аз тіркелген халық болса, шектеусіз кез келген келісім жасасқан емдеу мекемесіне жіберіле алады.


Сонымен қатар, әрбір медициналық ұйымда пациенттерді қолдау қызметі бар. Ол азаматтарға медициналық қызмет алу мәселелері бойынша көмек көрсетеді. Пациенттерді қолдау қызметі халықты қолжетімді медициналық қызметтер туралы акпараттандыру бойынша жұмыс жүргізеді және «мұнда және қазір» қағидаты бойынша даулы мәселелерді шешуге көмек көрсетеді.

Қызмет пациенттердің пікірлерін жинайды және талдайды, бұл жүйенің кемшіліктерін анықтауға және қызмет көрсету сапасын жақсартуға көмектеседі. Сондай-ақ пациенттер МӘМС шеңберінде медициналық сақтандыруды пайдалану тәртібі және медициналық қызметтерге өздерінің құқықтары туралы акпарат ала алады. Қор арқанын пациенттердің құқықтарын қорғауда.

Облыс тұрғындары медициналық қызмет көрсетуге қатысты мәселелер бойынша 1414 нөмірі бойынша бірыңғай байланыс орталығына, mcqorg.kz ресми сайтына жүгіне алады. Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы немесе Saqtandyrybot Telegram боты сияқты келесі байланыс түрлері де қолжетімді.

Медициналық қызметтердің сапасына наразы болған тұрғындар ресми жауап алу және медициналық ұйымға тиісті шаралар қабылдау үшін медициналық қызметтерді ұсынудан бас тартуға тап болды, жоғарыда аталған байланыс арналары бойынша ресми өтінішті міндетті түрде қалдыру қажет.

– Сұхбатыңызға рақмет.



«БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ»

14 қараша күні білім бөлімінің басшысы Мамат Қарабаев Instagram, TikTok және Facebook әлеуметтік желілеріндегі «Тікелей байланыс» атты тікелей эфирге қатысты.

- «Bilimclass» жүйесі электронды журналдар мен күнделіктерді жүргізу үшін белсенді қолданылады;
- электрондық оқулықтарды пайдалану;
- «Робототехника» бағытын белсенді дамыту;
- оқу процесінде жасанды интеллект элементтерін қолдану.

Бүгінгі таңда білім беруді цифрландырудың тағы бір тиімді құралы - Microsoft Teams жүйесі - коммуникацияны, ынтымақтастықты және қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған әмбебап платформа.

Қазіргі уақытта Microsoft Teams жүйесін пайдалану жұмысына «Ауыл мектебі» - сапалы республикалық жобасы аясында ауданның төрт мектебі қатысып отыр. Тірек мектеп ретінде Батыр Баян атындағы мектеп-гимназия тандалып, білім ордасы заманауи цифрлық жабдықтармен толық жабдықталған. Сондай-ақ, жобаға үш магниттік мектеп - Фурманов ОМ, Совет ОМ, Чистов ОМ қатысуда.

Бұл мектептерде жаратылыстану-математикалық бағыттағы бес пән бойынша сабақтар және ағылшын тілі Microsoft Teams платформасы арқылы тірек мектеп мұғалімдерімен бірлесіп өткізіледі.

Сондай-ақ, осы жоба аясында магниттік мектептерге 2 заманауи кабинет - ғылым кабинеті және цифрлық кабинет жеткізілді, бұл инновациялық ойлауды, оқушылардың цифрлық және зерттеу құзыреттіліктерін дамытуға, сондай-ақ оқытудың сапасы мен тиімділігін арттыруға ықпал ететін заманауи білім беру ортасын қалыптастырады.

Цифрлық білім беруді дамытудың басым

аспектілерінің бірі қосымша білім беру бағыттарының бірі ретінде робототехника болып табылады.

Оқушылар алған білімдерін тәжірибеде қолданатын практикалық жобаларға ерекше назар аударады. Балалар жасанды интеллект элементтерін - сигналдарды тану, командаларға автоматты түрде жауап беру, құрылғылардың жұмысын оңтайландыру арқылы Arduino платформасында өздерінің бағдарламалары мен құрылғыларын жасайды. Мұндай қызмет инженерлік ойлауды, шығармашылық көзқарасты, талдау және жобалау дағдыларын дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар ғылым мен техникаға тұрақты қызығушылықты қалыптастырады.

Сонымен қатар, робототехникалық платформаларды қолдана отырып оқыту студенттерді IT, электроника, мехатроника және автоматтандыру саласындағы болашақ мамандықтарға дайындауға мүмкіндік береді. Бұл бағытта біздің аудан аймағында жетістіктерге қол жеткізуде. Робототехника бойынша шығармашылық топ құрылды, оған ең белсенді және талантты педагогтар мен оқушылар кірді.

Осы шығармашылық бірлестіктің қатысушылары облыстық, республикалық және тіпті халықаралық жарыстарда инженерлік міндеттерді шешуге жоғары дайындық деңгейі мен инновациялық тәсілді көрсете отырып, аудан намысын қорғауда.

Инженерлік-техникалық бағыттың дамуы табиғи түрде оқу процесінде жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын енгізуге әкелді. ЖИ оқытуды жеңілдетілген, тиімді және қолжетімді етуге көмектеседі.

Мүғалімдер жасанды интеллект арқылы жасалған тапсырмалар мен оқу материалдарды ұсынады. Мәселен, мәтіндер мен кроссвордтарды жасаудан бастап визуалды схемалар мен бейімделу жаттығуларына дейін, фотографиялық материалдар бойынша тарихи тұлғалардың бейнелерін жандандыру және қалпына келтіру мүмкіндігі туды.

Бұл білімді игеру сапасын арттырып қана қоймайды, сонымен қатар сабақтарды қызықты, интерактивті етіп, оқушылардың цифрлық және шығармашылық дағдыларын дамытуға бағытталады.

Мүғалімдер жасанды интеллектпен байланысты ChatGPT, Canva, Copilot цифрлық құралдарды және сабақ жоспарларын, тесттерді, презентацияларды және басқа да көрнекі материалдарды жылдам жасауға көмектесетін басқа да қызметтерді белсенді меңгеруде.

Білім беру процесінде жасанды интеллектті цифрландыру және енгізу — бұл уақытша бағыт емес, қазіргі заманауи мектептің стратегиялық даму жолы. Бүгінгі таңда технологияны қолдану ғана емес, сонымен бірге мүғалімнің тәлімгер, шабыттандырушы және білім беру процесінің үйлестірушісі ретіндегі жетекші рөлін сақтай отырып, оларды педагогикалық практикаға сауатты біріктіру маңызды. Цифрлық трансформацияның басты мақсаты — технология жеке тұлғаның әлеуетін ашуға, болашақтың құзыреттілігін қалыптастыруға және оқытуды шынымен заманауи, қызықты және нәтижелі етуге көмектесетін ортаны құру, - деді Талғат Болатұлы.

Талғат Қарабаев тікелей байланысқа шыққан қатысушылардың барлық сұрақтарына жан-жақты жауап беріп, ата-аналармен, мүғалімдермен және оқушылармен ашық диалогтың маңыздылығын атап өтті. Ұйымдастырылған тікелей эфир ауданның білім беру жүйесіндегі өзекті өзгерістерді талқылауға және қажетті түсініктемелер алуға мүмкіндік берді.

МЕКТЕП ТЫНЫСЫ

ГИМНАЗИЯ КҮНІ – ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛҒАН МЕРЕКЕ



Жыл сайын Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясында ерекше және маңызды мереке — Гимназия күні атап өтіледі. Мәселен, 14 қараша күні 1 «А» сыныбының 24 оқушысы гимназист қатарына салтанатты түрде қабылданды.

Мерекелік жиынға аудан әкімі аппаратының басшысы Жаслан Қожахметов, білім бөлімінің басшысы Талғат Қарабаев, ата-аналар мен ұстаздар қауымы қатысты.

Бірінші сынып оқушыларының қойылымы ерекше және қызықты болды. Олар салтанатты түрде гимназия оқушысы ретінде ант беріп, алғаш рет гимназияның Әнұранын орындап, үлкен мектеп ұжымының толыққанды мүшесі атанды.

Дәстүр бойынша 9 «А» сыныбының гимназисттері 1 «А» сыныбының кішкентай балапандарына гимназия ұрпақтарының сабақтастығын, құрметі мен бірлігін бейнелейтін естелік сыйлықтар табыс етті.

Салтанатты іс-шара соңында бірқатар мүғалімдерге аудан әкімінің және білім бөлімінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары табыс етілді.

Мереке барлық қатысушыларға жарқын эмоциялар, мектепке деген мақтанш сезімін және шынайы бірлік атмосферасын сыйлады.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫ

ҮШ ЖОБА ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНДА ИЕ БОЛДЫ

Өткен аптада Петропавл қаласында 8-11 сынып оқушылары арасында Республикалық ғылыми жобалар байқауының облыстық кезеңі өтіп, оған біздің ауданымыздың талантты оқушылары қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша үш жоба үшінші жүлделі орынға ие болды. Атап айтқанда, «Тарих» секциясында Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің 10-шы сынып оқушысы Тәңірберген Шынар «Өлкетану — туған өлке тарихын танудың кілті» жобасымен, Надежда орта мектебінің 11-ші сынып оқушысы Беркімбай Ақбаян «Қазақ тілі» секциясында «Оңтүстік өңірлердің диалект сөздерін солтүстік аймақта қолдану және олардың тіл тазалығына әсері» жұмысымен және Фурманов орта мектебінің 9-шы сынып оқушысы Цой Анжелика «Орыс әдебиеті» секциясында «А. де Сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзада» философиялық ертегісіне әдеби бағыттаушы» жобасымен жүлдегер атанды.

Біздің талантты оқушыларымызды және олардың ғылыми жетекшілерін тамаша нәтижелерімен құттықтап, оларға шығармашылық шабыт, табыс және жаңа жеңістер тілейміз!

Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі.

Беркімбай Ақбаян
ученица 11 класса



КТУ "Надежда орта мектебі", 3 нөс. Облестный этап Республиканского конкурса научных проектов.

Тәңірберген Шынар
10 сынып оқушысы



"Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп" КММ 3 орын. Республикалық ғылыми жобалар байқауының облыстық кезеңі.

Цой Анжелика
ученица 9 класса



КТУ "Фурмановская средняя школа", 3 нөс. Облестный этап Республиканского конкурса научных проектов.

ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ЖАРЫС

«ДАНҚА - 80 ЖЫЛ» ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ЖАРЫСЫ

Биыл адамзат тарихындағы ең ұлы оқиғалардың бірі - Ұлы Жеңіске 80 жыл толып отыр. 1945 жылы 9 мамырда фашизмге қарсы шайқастағы тарихи жеңіс бүкіл әлемге бейбіт өмірдің қадірін ұғындырды. Бұл жеңіс - миллиондаған жанның жанқиярлық ерлігі мен отансүйгіштігінің жемісі. Қазақстандықтар да Ұлы Отан соғысында орасан зор ерлік көрсетті. 1 миллион 200 мыңнан астам қазақстандық майданға аттанды. Олардың қатарында атакты батырларымыз - Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Тағат Бигелдинов секілді ержүрек тұлғалар болды. Олар өздерінің қайсарлығымен ұрпаққа үлгі болып, мәңгілік данқа бөледі.

Бүгінде Ұлы Жеңістің маңызы еш кеміген жоқ. Бұл - ұрпақтарды елді, жерді сүйуге, бейбітшілікті қадірлеуге үйдейтін асқақ құндылық. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы - бабалар ерлігіне тағзым етіп, олардың асқақ рухын ұлықтайтын ерекше сәт.

Сөз жоқ, Ұлы Жеңіс - қасиетті Отанды қорғаудың өшпес өнегесі мен ерліктің ерен үлгісі болып адамзат шежіресінде мәңгілік жазылып қалғаны анық. Ар мен намысты, Отанға деген адалдық, туған ел мен туған жерге деген жанқиярлықтың үлгісін көрсеткен батыр бабалардың қаһарман рухына тағзым - ардақты парызды орындап, асқақ данқа қосқан үлесіміз болмақ.

14 қараша күні Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепте Ұлы Жеңістің 80-жылдығына арналған маңызды «Данқа - 80 жыл» атты әскери-патриоттық іс-шара ұйымдастырылды. Жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған іс-шараға қорғаныс



істері жөніндегі бөлімінің басшысы Нұржан Мелдебеков, аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Серік Ысқақов, төтенше жағдайлар жөніндегі бөлімінің басшысы - Қуатбек Қалықов, білім бөлімінің спорт жөніндегі әдіскері Аслан Аренов құрметті қонақ ретінде шақырылды.

Жарысқа Булаев қаласы мен Медвежа ауылының мектептерінің командалары қатысып, еліміздің батырлық мұрасына деген өздерінің шеберліктерін, дене даярлығын, бірлігі мен құрметін көрсетті.

Жарыстың басты мақсаты - жастардың

бойында отансүйгіштік, тарихқа деген құрмет сезімін қалыптастыру, әскери-қолданбалы пәндерге деген қызығушылығын дамыту, сондай-ақ жауапкершілікті, рух күші мен команда жұмыс істей білуді тәрбиелеу болды. Бағдарлама алты сынақтан тұрды, олардың әрқайсысы болашақ Отан қорғаушылар үшін маңызды даярлық, тәртіп пен дағдылардың элементтерін көрсетті:

- Ұран және командаларды таныстыру;
- Автоматты толық бөлшектеу;
- ЖҚЖ (ОЗК) кию;
- АК-74 окжатарын жабдықтау;

- Жүгіру;
- Газгагар кию және арқан тарту.
Тартыс ойындардың қорытындысы бойынша «Жас ұлан» командасы жеңімпаз атанды. «Батырлар» командасы 2-ші орынды иеленсе, «Жас Сарбаз» командасы 3-ші орын алды, ал «Патриот» және «Солтүстік» командалары 4-5 орындарға жайғасты.

Барлық командалар дипломдармен, ал жеңімпаз бен жүлдегерлер бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Нұрқасым ЖАНШЕЙСОВ,
жастар ресурстық орталығының
жастар бойынша нұсқаушысы.

БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАРЫ, КӘСІПОРЫНДАРЫ МЕН МЕКЕМЕЛЕРІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ СПАРТАКИАДА



ДОЙБЫ БОЙЫНША ЖАРЫС

14 қараша күні Булаев қаласының ұйымдары, кәсіпорындары мен мекемелері қызметкерлерінің арасында жыл сайыны дәстүрлі спартакиада басталды.

Батыр Баян атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде бағдарламаның бірінші түрі - дойбы бойынша жарыс өтті. Дойбы - тек шеберлікті ғана емес, сонымен қатар стратегиялық ойлауды, шымдамдылық пен зейінді қажет ететін ойын.

Турнирге 10 команда қатысып, олардың әрқайсысы жеңіске деген ерік-жігерін және нәтижеге жұмыс істей білуін паш етті. Жарыстар тартысты өтті: әр партия командалардың турнир кестесіндегі орнын өзгертіп отырды, сондықтан қатысушылар әр ұпай үшін аянбай күресті.

Жарыс қорытындысы

бойынша Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының ұжымы жеңімпаз атанды. Ал Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп қызметкерлері 2-ші орынды иеленсе, дене шынықтыру және спорт бөлімінің спортшылары 3-ші орынға жайғасты.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен және медальдармен марапатталды.

Спартакиада одан әрі жалғасып, алдағы жұма күні дартс бойынша жарыс өтетін болады.

Қанат МҮСАТАЕВ,
дене шынықтыру және спорт
бөлімінің басшысы.

ҚЫЗДАР АРАСЫНДАҒЫ ВОЛЕЙБОЛДАН АУДАНДЫҚ ЖАРЫС

13 қараша күні Булаев қаласында орналасқан Батыр Баян атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепте «Жастар» аудандық спартакиадасы аясында 2008 жылы туған және одан кіші қыздар арасында волейболдан аудандық жарыс болып өтті.

Жарысқа 8 команда қатысып, ойындар қызықты да тартысты өтті. Финалды кезеңде үш команда кездесіп, өзара мықтыны анықтады.

Осылайша, Возвышен орта мектебінің командасы (жаттықтырушысы В.К. Кондратов) жеңімпаз атанды.

Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің қыздары (жаттықтырушысы А.Ә. Бәкіров) күміс жүлдені иеленсе, Полудин орта мектебінің волейболшылары (жаттықтырушысы Ә.Б. Ергашев) қола медальдарды місе тұтты.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді құттықтап, барлығына спорттық жеңістіктер мен жаңа жеңістерге жетуді тілейміз!

Аслан АРЕНОВ,
білім бөлімінің спорт бойынша
әдіскері.



«ЖАСТАР» СПАРТАКИАДАСЫ

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ҚАРЫЗДАР, ҚАҒАЗДАР, ОТБАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ? ШЕШІМІ БАР!

Өмір кейде бізді қиын сынақтарға ұшыратады: қарыздар, күрделі құжаттар, балаларға қамқорлық немесе әлеуметтік төлемдер мәселелері. Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғындары Булаево қаласындағы Отбасы қолдау орталығынан (одан әрі - ОҚО) көмек ала алады.



ОТБАСЫН
ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

Орталық мамандары азаматтарға Қазақстан Республикасының «Қаржылық қиындыққа ұшырау» Заңына сәйкес соттан тыс және соттық банкроттық мәселелері бойынша тегін кеңес береді. ОҚО мамандары банкротты деп кімдерді таңуға болатынын және қандай іс-шаралар қолданылатынын егжей-тегжейлі түсіндіреді.

Банкроттыққа кімдер жіберіле алады:
• Жеке тұлғалар - өздерінің несие берушілер алдындағы қаржылық міндеттемелерін орындай алмайтын азаматтар. Мысалы, қарыз кірістен асып кеткен жағдайда, ал несие немесе қарыз шарттары бойынша уақытында өтеу мүмкін болмаса.

• Жеке кәсіпкерлер - заңды тұлға құрмай бизнесті жүргізетін адамдар, өздерінің телеуіге қабілеті жоқ қарыздарға тап болған жағдайда.

• Ұйымдар мен компаниялар - активтері қарызынан аз, несие берушілерге төлем жасай алмайтын заңды тұлғалар.

ОҚО қалай көмектеседі:
• Соттық және соттан тыс банкроттық бойынша кеңестер беру;
• eGov.kz порталы арқылы өтініш толтыруға қолдау көрсету;

• Қандай құжаттар мен анықтамалар қажет екенін түсіндіру;
• Киім өмірлік жағдайларда психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету;

• Қарыздар, балалар мәселелері, әлеуметтік төлемдер және басқа да қиын жағдайларда көмек көрсету.

Мысалы, жергілікті тұрғын Алена несие бойынша қарыз мәселесімен ОҚО-ға жүгінді. Орталық мамандары барлық құжаттарды рәсімдеуге көмектесті, заңға сәйкес іс-қимыл тәртібін түсіндірді және моральдық қолдау көрсетті. Қазіргі уақытта Алена өз істерін реттей алды және өзін сенімді сезінді.

ОҚО заңды түрде жұмыс істейді, азаматтарға, кәсіпкерлерге және ұйымдарға қаржылық қиындықтарды жеңуге және күрделі жағдайдан шығуға көмектеседі.

Мекен жайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаево қаласы, Мир көшесі, 8А.
Байланыс: директор - 4-90-07, психолог - 2-82-38, заңгер - 2-82-70.

Кешіктірмей хабарласыңыз — Отбасы қолдау орталығы Сізге бүгіннен бастап көмек көрсетуге дайын!

Шынарай ЖАНҒАБҰЛОВА,
отбасыны қолдау орталығының директоры.

СТҮРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫ

ОТБАСЫ БАНК БАСПАНАҒА ТЕЗІРЕК ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ ЖОЛДАРЫН ТҮСІНДІРДІ

Биыл қазақстандық теңгеге 32 жыл толды. Ал теңгемен құрлас азаматтар үшін бұл — мүмкіндіктерге толы кезең. Жас қазақстандықтар белсенді даму үстінде. Олар мансап құрып, отбасылы болып, өз баспанасына қол жеткізуге ұмтылуда. Көпшілігі үшін жана үйге қоныстанудың жолы ипотекамен және бастапқы жарнаның болуымен тікелей байланысты. Алайда жастарға бастапқы жарнаны жинау көбінесе қиынға соғады. «Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы — Отбасы банкте жас азаматтарға аз жинақпен немесе мүлде жинағы болмаса да, өз баспанасына жақындай түсуге септесетін бағдарламалар бар.

«Дипломмен — ауылға» бағдарламасы.

Бұл бағдарламада жинақ мүлдем қажет емес. Несие мөлшерлемесі — небәрі 1%. Ең жоғары несие сомасы — 2 500 АЕК немесе 2025 жылы 9 830 000 теңге. Бағдарлама дипломы бар және ауылда суранысқа ие салаларда жұмыс істегісі келетін жастарға арналған. Мұндай салаларға білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, агроөнеркәсіптік кешен, мәдениет, спорт және ауылдық округ әкімдіктеріндегі мемлекеттік қызмет (әкімдер мен олардың орынбасарларынан басқа) кіреді.

Қажетті мамандардың тізімін жергілікті әкімдіктер жыл сайын жасайды. Сондықтан бағдарламаға қатысқысы келетіндер алдымен өздері әкімдікке барып, тізімге енгізілуі керек. Бұдан кейін өтініш Baspara Market (otbasybank.kz) порталында беріледі және несие рәсімдеу толықтай онлайн өтеді.

Бүгінгі таңда 7 388 адам қоныс тоып атал өтті.

«Наурыз» бағдарламасы.

Бұл бағдарламаға қатысу үшін үміткердің қандай мамандықта жұмыс істейтіні маңызды емес. «Наурыз» — болашақ баспанасына ақша жинай бастаған азаматтарға арналған бағдарлама. Қазіргі уақытта өтінімдер белсенді түрде қабылданып жатыр және 2025

жылдың 1 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) Baspara Market (otbasybank.kz) порталында жалғасады. Өтінім беру үшін екі негізгі талап орындалуы тиіс:

• өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің соңғы 5 жыл ішінде өз атында тұрғын үй болмауы керек;

• Отбасы банкінде 2 млн теңге жинақтың болуы. Егер жас қазақстандық бағдарлама қатысушыларының тізіміне өтсе, онда несие алу үшін жаңа, таза әрлеудегі тұрғын үйді сатып алу кезінде бастапқы жарна — небәрі 10%. Егер пәтер әрлеуі жоқ күйінде сатып алынса, онда бастапқы жарна — 20%. Несие мөлшерлемесі — жылдық 9%*. Сонымен қатар несие сомасына жеңдеу шығындарын да қосуға болады.

Айта кетерлігі, «Наурыз» бағдарламасы бойынша берілген несиелердің 60%-ын 35 жасқа дейінгі жастар алған. Бағдарлама алдағы 5 жылда да жалғасады, сондықтан жастарда осы уақыт ішінде ақша жинап, баспана алу мүмкіндігі бар. Бұл мүмкіндікті қазірдің өзінде 17 мыңнан астам қазақстандық пайдаланды.

Жастарға арналған өңірлік бағдарламалар.

Соңғы 8 жыл бойы Отбасы банкте өңірлік жастар бағдарламалары жұмыс істеп келеді. Бұл бағдар-



ламаларда да белгілі бір мамандық өкілдеріне басымдық беріледі: дәрігерлер, мұғалімдер, мәдениет және спорт қызметкерлері, халықты әлеуметтік қорғау саласының мамандары, журналистер, полицейлер мен құтқарушылар.

Бастапқы жарна — 10%, несие мөлшерлемесі — жылдық 5%-дан бастап**. Биыл жастарға арналған бағдарламалар Астана, Алматы, Шымкент қалаларында, сондай-ақ Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Павлодар облыстарында және Ұлытау өңірінде іске қосылды. Жақын уақытта Абай, Маңғыстау және Қостанай облыстарында да басталады.

Осы бағдарламалар арқылы 11 630 отбасы қоныс тоып тоялады. Бағдарламаға қатысу үшін Отбасы банкінде депозитте қаражат жинап, бағдарламаның басталуы туралы жаңалықтарды бақылап отыру қажет.

Отбасы банкінде әрбір теңге — баспана арманын жүзеге асыруға жұмыс істейді.

Қазір банкте 18-35 жас аралығындағы 1,4 миллион жас қазақстандық өз баспанасына ақша жинап жатыр. Бұл жолда мемлекет те қолдау көрсетеді: жыл сайын салымшыларға 20% мөлшерінде сыйақы (жылдық лимит — 200 АЕК) беріледі. 2025 жыл да бұл жағынан ерекшелік болмайды.

Осы жылы ең жоғары мемлекеттік сыйақы — 157 280 теңге алу үшін депозитті 786 400 теңгеге толықтыру қажет. Мұны 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін жасау керек.

Өйткені әрбір теңге, тіпті аз ғана жинақ та болсын, өз пәтерінің кілтін бұрайтын күнге жақындада түседі. Бұл мүмкіндікті Отбасы банкінің 129 448 жас салымшысы пайдаланып үлгерді. Олардың барлығы баспаналы болды. Жас азаматтардың алған несиелерінің орташа сомасы шамамен 18,8 млн теңгеге құрады.

* ЖТСМ 1%;
** ЖТСМ 9,4% дан 13% дейін;
*** ЖТСМ 5,2% дан 5,7% дейін.

«Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ.

С МАМАН КЕНЕСІ

ТҰМАУ ЖӘНЕ ЖРВИ ПРОФИЛАКТИКАСЫ

Тұмау және жіті респираторлық вирустық инфекциялар (ЖРВИ) елеулі қолайсыздықты ғана емес, сонымен қатар ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін аурулар. Ауыр жағдайлар тыныс алу, жүрек-тамыр және жүйке жүйелеріне, сондай-ақ тыныс алу жүйесіне әсер етуі мүмкін. Әсіресе, тұмау - қауіпті. Бұл аурудан өлім церебральды қан кетулерден, интоксикациядан, өкпелік асқынулардан және жүрек жеткіліксіздігінен болуы мүмкін.

Тұмаудың алдын алу шаралары

Инфекция қаупін азайту үшін эпидемия кезінде қоғамдық орындарға барудан аулақ болыңыз, бетперде мен қолғап киіңіз, жұқтыруы мүмкін адамдармен байланыста болғаннан кейін қолыңызды жуыңыз. Қосымша тиімді қорғаныс - теңіз суы негізіндегі ерітінділермен мұрынды шаю. Витаминдік кешендерді және адаптогендерді (элеутерококк, женьшень және хиназола тунбалары) қабылдау да пайдалы.

Эпидемия кезінде жеткілікті ұйықтау және күнделікті режимді сақтау маңызды. Бұл сонымен қатар имундықты жүйені нығайтуға көмектеседі. Таза ауада тұрақты серуендеу және қалыпты жаттығулар дененің қорғаныс қабілетіне пайдалы.

• үй-жайларды жүйелі түрде желдетіңіз;
• ауаның ылғалдылығын қамтамасыз етіңіз;
• жиі ылғалды таза жұмыс және демалыс орындары.

Диетаны бақылау да маңызды. Оның құрамында ақуыздардың, майлардың және көмірсулардың жеткілікті мөлшерін қамтамасыз ету маңызды. Жаңа піскен жемістер мен көкөністердің, жидектердің, көк шөптердің және ақуызға бай тағамдардың (майсыз ет, тұтас бидай макарон өнімдері және сүзбе) болуына ерекше назар аудару керек.

Вакцинация — тұмаудың алдын алудың тиімді шарасы. Бұл балалар мен қарт адамдарға, имунитетті әлсірегендерге, қант диабетімен ауыратындарға, медицина қызметкерлері мен мамандарына маңызды. Егер сіз тұмауды жұқтырсаңыз, дәрігермен

кеңесіңіз. Олар қажетті емдеу ұсыныстарын береді.

ЖРВИ профилактикасы

Алдын алу шаралары тұмауға қарсы шараларға ұқсас. Олар әсіресе жас балаларға, жұкті әйелдерге, қарт адамдарға және өртүрлі органдар мен жүйелерге әсер ететін созылмалы аурулары бар адамдарға ұсынылады.

Эпидемия кезіндегі аурулардың профилактикасы мыналардан тұрады:

• қорғаныс масканы кию.
• мүмкіндігінше басқа адамдармен қарым-қатынасты шектеу.
• қолды бактерияға қарсы сабынмен немесе арнайы ерітінділермен (гельдер, спрейлер және т.б.) жиі жуу.
• бұқаралық шараларға қатысудан бас тарту.

Егер сіз жұқтырсаңыз, сіздің дененіз вирус пен өзіңізден күресу алады. Жылы сұйықтықтарды көп ішу және қажетті витаминдерді қабылдау арқылы оны қолдаңыз. Тамақты өткізіп алмау керек, бірақ асқазан-ішек жолдарын да шамадан тыс жүктемеу керек. Сорпа, көкөністер мен жемістерді, бұға пісірілген тағамдарды көбірек жеуге тырысыңыз.

Сұйықтың және тұмаудың алдын алуға арналған дәрілер

Заманауи фармацевтикалық компаниялар инфекциялардың алдын алу және имундықты жүйені көтеру үшін көп ауқымды өнімдерді ұсынады. Бұл дәрі-дәрмектердің көпшілігі ересектерге де, балаларға да жарамды. Профилактикалық препараттар мұрынға

арналған тамшылар, пастилкалар, капсулалар және ректалды суппозиторийлер түрінде қол жетімді.

Арнайы дәрі-дәрмектерді дәрігер ұсынуы керек. Сұйық тию және тұмау маусымы басталмас бұрын олармен кеңескен жөн. Бұл сізге қажетті дәрі-дәрмектерді алдын ала сатып алуға және оларды нұсқауларға сәйкес қабылдауға мүмкіндік береді.

Алдын алу үшін халықтық емдеу құралдары

Келесі халықтық емдеу құралдары инфекциядан қорғауға көмектеседі:

• Шөптің инфузиялары мен қайнатпалар. Жалбыз, лимон балзымы, түймедақ, шафрей, мия, Сент-Джон сусласы сияқты шөптер мен гүлдердің вирусқа қарсы қасиеттері бар.

• Бал қосылған сүт. Ара өнімдері айқын антисептикалық қасиеттерге ие.

• Сарымсақ. Ол имунитетті арттырады және суық тию кезінде стресске ұшырайтын жүрек-тамыр жүйесіне оң әсер етеді.

• Зімбір. Оны жай ғана шайға қосуға болады.

• Итмұрын инфузиясы. Құрамындағы С дәруменінің жоғары болуына байланысты пайдалы.

Орыс моншасы (сауна) жедел респираторлық вирустық инфекциялар мен тұмауға қарсы профилактикалық шара болып саналады. Бу белмесіне барған кезде эфир майларын да қолдануға болады.

Дәрігерге қай кезде қаралу керек?

Қарапайым суық вирустық инфекция, ол әдетте салыстырмалы түрде жеңіл

өтеді және 7-10 күн ішінде толық қалпына келеді. Мұндай жағдайларда дәрігер тек симптоматикалық емдеуді тағайындай алады.

Егер сізде суық тию инфекциясы болса, терапевт дәрігеріне бару қажет.

• агрессивті түрде пайда болады (жоғары қызбамен, қатты мұрыннан су ағыумен және жөтелмен);

• қауіпті бактериялық инфекциямен бірге жүреді.

Мұндай жағдайларда арнайы емдеу тағайындалады. Бұл терапия қалпына келтіруді жылдамдатуға ғана емес, сонымен қатар асқыну қаупін азайтады.

Дәрігерге қай кезде бару ұсынылады:

• түрлі-түсті шырышпен, мұрын бітелуімен, қысым мен толу сезімімен ауыр мұрыннан су ағуы;

• температура 38-38,5 °C жоғары және оның төмендеу белгілерінің 3 күннен астам сақталуы;

• төмендеп, кейін қайтадан көтерілетін қызба;

• жылдам тыныс алу және/немесе пульспен жүретін жөтел;

• шулы тыныс алумен немесе енгізу сезімімен жүретін жөтел;

• терең ингаляция кезінде күшейетін кеуде, арқа және іштің жоғарғы бөлігіндегі ауырсыну;

• қатты, тұнықтырғыш жөтел ұстамасы;

• құлақ ауруы;

• денсаулықтың жалпы нашарлауы;

• ауызды ашқанда немесе басын бұрғанда ыңғайсыздық;

• ісіген лимфа түйіндері;

• суық тию белгілерімен бірге жүретін қатты бас ауруы.

Егер ауру күшті өлсіздік пен жоғары температурадан басталса, мүмкіндігінше тезірек дәрігерге бару керек.

Арайлым ШҰҒЫЛШИНА,
Мағжан Жұмабаев ауданының
СЗББ бас маманы.




Дүйсенбі, 24 қараша	Сейсенбі, 25 қараша	Сәрсенбі, 26 қараша	Бейсенбі, 27 қараша	Жұма, 28 қараша	Сенбі, 29 қараша	Жексенбі, 30 қараша
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
05.30 ӘНУРАН. 05.35 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.10 «АУЫЛ МҮҒАЛИМЫ». 07.00 «ТАҢШОЛПАН». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.45 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.10, 03.00 «АПТА». 15.00 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 00.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 01.00 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.20, 02.15 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 03.50 САНА.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 03.00 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМЫ». 07.00 «ТАҢШОЛПАН». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.25 «ҚОС ПАЛАТА». 14.45 «ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ». 15.05 Д/Ф. 16.00, 00.10, 03.30 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 04.20 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 00.50 ФУТБОЛ.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 03.00 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМЫ». 07.00 «ТАҢШОЛПАН». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.20 «ЗАҢ АЛДЫНДА». 14.35 «ОТБАСЫ ЖӨНЕ ҚАРЖЫ». 15.00 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 03.30 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 04.20 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.10 ФУТБОЛ.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 03.00 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМЫ». 07.00 «ТАҢШОЛПАН». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.20, 04.15 «ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮЗДЕСУ». 15.00 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 00.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 03.35 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.30 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМЫ». 07.00 «ТАҢШОЛПАН». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.20 Д/Ф. 15.10 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 15.45, 03.40 ЗАҢ АЛДЫНДА. 16.00, 00.55 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 01.45 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.20, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «УНАЙДЫ МАҒАН». 23.20 1001 ТҮН. 00.20 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 03.55 АУЫЛДАСТАР.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 17.00, 01.15 АҚПАРАТ. 06.00, 04.00 «АУЫЛДАС- ТАР». 06.25, 12.00, 20.00 «УНАЙДЫ МАҒАН». 06.35 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС». 07.45 М/Ф «СПИРИТ: ДАЛА РУХЫ». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 14.15 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 16.15, 03.00 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 16.40 «КОФЕ МӨДЕННИЕТ». 17.20, 01.35 «ҚОС ПАЛАТА». 17.40, 01.55 «ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ». 21.50 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.45 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 23.30 Т/Х «БҮРКІТШІ ҚЫЗ». 02.15 «БІРЕГЕЙ», Д/Ф.	05.30 ӘНУРАН. 05.35 АҚПАРАТ. 05.55 «АУЫЛДАСТАР». 06.40 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС». 08.00 АҚСАУЫТ. 08.20, 02.10 ТЕЛЕДӨРІТЕР. 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.00 «УНАЙДЫ МАҒАН». 14.15 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 16.15 КОНЦЕРТ. 20.00, 01.10 АПТА. 20.50, 02.00 АҚОРДА. 21.00 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 21.55, 03.25 БӨРКЕЛДІ. 23.30 Т/Х «БҮРКІТШІ ҚЫЗ». 02.40 «КҮМІС КОМЕЙ».

Дүйсенбі, 24 қараша	Сейсенбі, 25 қараша	Сәрсенбі, 26 қараша	Бейсенбі, 27 қараша	Жұма, 28 қараша	Сенбі, 29 қараша	Жексенбі, 30 қараша
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00, 16.00 Т/Х «ВОСТОЧ- НЫЕ СЛАДОСТИ». 07.00 ОЯН. 10.00, 18.00 НОВОСТИ. 10.10 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 10.30 М/Ф. 11.00 «ШЕБЕРЛЕР ШАЙҚАСЫ». 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «ЖАРЫҚ КҮН». 14.30 ХАҚЫҢ БАР. 14.50, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 15.00 ЖҰМЫР ЖЕР. 15.30 АЙТЫС АЙНАСЫ. 16.00 «САҚУРА. ИЦ МАЙ ЛАЙФ», Х/Ф. 18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 КЕШРЕС. 23.40 КОНЦЕРТ. 01.40 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 07.00 ОЯН. 10.00, 18.00 НОВОСТИ. 10.10 PRESIDENT. 10.40 М/Ф. 11.00 «БЕГ ОМ ЗА ДЕНЬГАМИ». 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «ЖАРЫҚ КҮН». 14.30 ӘЛЕУМЕТ. 14.50, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 15.00 ӨЗЕКТІ. 15.30 ДӨСТҮР. 16.00 ӘСЕМ ӘНДЕР. 16.20 «ГДЕ МОЙ ДОМ?», Х/Ф. 18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 КЕШРЕС. 23.40 КОНЦЕРТ. 01.40 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 07.00 ОЯН. 10.00, 18.00 НОВОСТИ. 10.10 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 10.30 М/Ф. 11.00 «БЕГ ОМ ЗА ДЕНЬГАМИ». 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «ЖАРЫҚ КҮН». 14.30 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 14.50, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 15.00 ӨЗЕКТІ. 15.30 ҚОЗҚАРАС. 16.00 «МАША И ДУДАРАЙ», Х/Ф. 18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 КЕШРЕС. 23.40 КОНЦЕРТ. 01.40 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 07.00 ОЯН. 10.00, 18.00 НОВОСТИ. 10.10 НЕОСЕТЬ. 10.30 М/Ф. 11.00 «БЕГ ОМ ЗА ДЕНЬГАМИ». 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «ЖАРЫҚ КҮН». 14.30 НЕОСАНА. 14.50, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 15.00 ӨЗЕКТІ. 15.30 ӘСЕМ ӘНДЕР. 16.00 «БІЗ ЕКЕМІЗ», Х/Ф. 18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 КЕШРЕС. 23.40 КОНЦЕРТ. 01.40 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 07.00 ОЯН. 10.00, 18.00 НОВОСТИ. 10.10 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.30 М/Ф. 11.00 «БЕГ ОМ ЗА ДЕНЬГАМИ». 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «ЖАРЫҚ КҮН». 14.30 АРИАНЫ РЕПОРТАЖ. 14.50, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 15.00 ӨЗЕКТІ. 15.30 ӘСЕМ ӘНДЕР. 16.00 «ВРЕМЯ ПАТРИОТОВ», Х/Ф. 18.30 ҚОҒАМ ШІКІРІ. 22.40 ОЙНАҚ. 23.40 КОНЦЕРТ. 01.40 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАҢДАЙ ТЕР. 06.15 КІМ МЫҚТЫ? 07.30 КОНЦЕРТ. 09.30 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «ЦАРЕВНА И ДРАКОН». МАГИЧЕСКАЯ КНИГА». 12.15 «ЧЕГО ХОТЯТ МУЖЧИНЫ», Х/Ф. 14.00 ШЕБЕРЛЕР ШАЙҚАСЫ. 15.15 THE VOICE КАЗАКСТАН. 17.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 18.15 ЖЕКПЕ-ЖЕК АЙТЫС. 19.45 АЛШАҒЫ. 20.45 ҚЫЗЫҚ TIMES. 22.00 7 КҮН. 22.40 ЖҰМЫР ЖЕР. 23.00 «СОЛОМОН КЕЙН». Х/Ф. 01.30 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАҢДАЙ ТЕР. 06.15 КІМ МЫҚТЫ? 07.30, 00.45 ӘСЕМ ӘНДЕР. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 АЗАМАТ. 11.15 ӨМІР ӨРНЕГІ. 12.30 «СОЛОМОН КЕЙН» Х/Ф. 14.30 М/Ф. 15.50 М/Ф «СУПЕР МЯУ». 16.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 17.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 20.00 THE VOICE КАЗАКСТАН. 22.00 7 КҮН. 22.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 23.00 «ЧЕГО ХОТЯТ МУЖЧИНЫ», Х/Ф. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 24 қараша	Сейсенбі, 25 қараша	Сәрсенбі, 26 қараша	Бейсенбі, 27 қараша	Жұма, 28 қараша	Сенбі, 29 қараша	Жексенбі, 30 қараша
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАКСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАКСТАН! 10.00 Т/С «ПЕРАСКРЫТЫЙ ТАЛАНТ -2». 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-3». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАКСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАКСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.00 Т/С «ЛЮБИТЬ И НЕ НАВИДЕТЬ». 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «БЫВШИХ НЕ БЫВАЕТ». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАКСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАКСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.00 Т/С «ЛЮБИТЬ И НЕ НАВИДЕТЬ». 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «БЫВШИХ НЕ БЫВАЕТ». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАКСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАКСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.00 Т/С «ЛЮБИТЬ И НЕ НАВИДЕТЬ». 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «БЫВШИХ НЕ БЫВАЕТ». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 «ГЕНИЙ ПУСТОГО МЕСТА», Х/Ф. 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАКСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.00 Т/С «ЛЮБИТЬ И НЕ НАВИДЕТЬ». 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.15 Т/С «СИНДРОМ ЖЕРТВЫ».	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.35 «П@УТИНА». 09.00 «ГЕНИЙ ПУСТОГО МЕСТА», Х/Ф. 11.35 ҚАЙМАҚ. 12.20 «СИНДРОМ ЖЕРТВЫ», Х/Ф. 17.00 ЖҮЛДЫЗДЫ ЖОЛ. 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.35 «ЗАҢ МЕН ЕЛ». 21.00 «ПОТОМУ ЧТО ЛЮБЛЮ», Х/Ф. 01.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.20, 02.50 «П@УТИНА». 09.35 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ». 10.40 Т/С «ПОТОМУ ЧТО ЛЮБЛЮ». 15.20 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ. СЕМЕЙНЫЙ ПОДРЯД». 17.40 «КВАРТИРАНТКА» Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 Т/С «ПРОЩЕ ПАРЕНОЙ РЕПЫ». 01.25 ЧТО? ГДЕ? КОГДА?

- «Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,
таза жүрек, тату дос - өміріңде өкпіндірес
қасиеттер осылар».
Шөкерім ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ.
- «Жастардың жаны таза, рухы биік болуы
тііс».
Мағжан ЖҰМАБАЕВ.



ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

**Әурметті «Мағжан жұлдызы»
газетінің оқырмандары!**

**Сіздерге
2026 жылдың
бірінші жартыжылдығына
жазылу науқаны жүріп
жатқанын
хабарлаймыз.**

**Газетке аудандық пошта
және газет редакциясында
жазылуға болатынын
еске саламыз.**

**Газетке жарты жылға
жазылу бағасы -
жеке тұлғалар үшін -
2185 тенге,
заңды тұлғалар үшін -
3372 тенге.**

**Анықтама телефоны:
пошта - 2-17-80.
редакция - 2-21-35.**

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ –
АБЫРОЙАЛЫ МІНДЕТ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІНІҢ
ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ДЕПАРТАМЕНТІ ҮМІТКЕРЛЕРДІ ІРІКТЕУ ЖАРИЯЛАЙДЫ!**

Отан алдындағы борышынды өтеудің нағыз ерлікке толы жолын таңда!
Шекара қызметі – бұл тәртіп, намыс және елге адал қызмет ету жолы!

Қабылдау жүргізіледі:

- Шекара қызметінің әскери оқу орындарына (офицерлік құрамға);
- Шекара бөлімшелеріне әскери қызметке келісімшарт негізінде;
- Медициналық білімі болған жағдайда әскери медбике лауазы-мына.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

- Қазақстан Республикасының азаматы болу;
- Жасы 18-ден 35 жасқа дейін;

- Дене және моральдық тұрғыдан дайын, денсаулығы мықты болуы;
- Сотталығы болмауы;
- Білімі: орта, орта арнайы немесе жоғары.

Қажетті құжаттар тізімі:

- Өтініш;
- Жеке куәлік көшірмесі;
- Білім туралы құжат;
- Әскери есепке алу куәлігі (әскери билет);
- Медициналық анықтамалар және мінездеме.

Ақпарат үшін: Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Чехов көшесі, 1 мекен жайына 8-776-242-62-57 телефонына жүгінуге болады.

«Мағжан» шекара бөлімшесі.

ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АЛАЯҚТАР!

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ
БЕЛГІЛЕРІ

1. ҰҚІЛЕТТІ ОРГАННЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДА АҚША ҚАРАЖАТЫН ТARTУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ УЙЫМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ДӘЛ АЙҚЫНДАУ ҮШІН БЕРІЛГЕН ЛИЦЕНЗИЯСЫНЫҢ БОЛМАУЫ
2. ҚАЗІРГІ НАРЫҚТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕН БІРНЕШЕ ЕСЕ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АСА ЖОҒАРЫ КІРІСТІЛІК ТУРАЛЫ УӘДЕ
3. ЖАҢА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ TARTU ҮШІН ҚАРАЖАТ ТӨЛЕУ
4. «ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ» ЖОБАЛАРҒА САЛҒАН КЕЗДЕ КІРІСТІЛІК АЛУҒА КЕПІЛДІК БЕРУ
5. БАҚ-ТА, ИНТЕРНЕТТЕ ЖАЛПАЙ ЖАРНАМАЛАУ
6. ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР, ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ, ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҢ БОЛМАУЫ
7. ЕСЕПТІЛІКТІҢ БОЛМАУЫ; АКТИВТЕР МЕН ИНВЕСТИЦИЯЛАУ БАҒЫТТАРЫНЫҢ АЙҚЫН ЕМЕС ҚҰРЫЛЫМЫ
8. МЕНШІКТІ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫҢ, БАСҚА ДА ҚЫМБАТ АКТИВТЕРДІҢ БОЛМАУЫ ЖӘНЕ БАСҚАЛАР

Ооо...
бұл өсте
сақтау керек!

КЕЛІСІМ ШАРТ БОЙЫНША
ҚЫЗМЕТ

ҚР Қарулы Күштерінің әскери қызметіне кіретін ҚР азаматтары үшін әлеуметтік және арнайы жеңілдіктер қарастырылған.

Атап айтқанда, кепілдендірілген әлеуметтік жеңілдіктер алу (тұрғын үй, медицина, зейнетақы), кәсіптік білім мен мамандық алу мүмкіндігі, көшбасшылық қасиеттер мен дене шынықтыруды дамыту, сондай-ақ күш құрылымдарына және мемлекеттік қызметке жұмысқа орналасу кезінде әлеуметтік және мансаптық артықшылықтар.

Мерзімді қызмет үшін

- Денедамуы: дене шынықтыруды жетілдіру, мінезі мен ерік-жігерін шыңдау.
- Тәртіп және өзін-өзі дамыту: өмірлік дағдыларды игеру, тәртіп пен өзін-өзі тәрбиелеуді қалыптастыру.
- Кәсіби дайындық: әскери есеп мамандығын алу, бұл одан әрі азаматтық өмірде пайдалы болуы мүмкін.
- Әлеуметтік жеңілдіктер: қызмет көрсету уақытына кредиттерді уақытша тоқтату, жұмыс орнын сақтау және қызметтен кейін жеңілдікті шарттармен ЖОО-ға түсу мүмкіндігі.
- Жағдайдың өзгеруі: жаңа тәжірибе алу, жаңа адамдармен

танысу мүмкіндігі.

Келісімшарт бойынша қызмет үшін

- Тұрақтылық және қамтамасыз ету: кепілдендірілген жалақы, тамақтану, киім-кешек, медициналық көмек және тұрғын үй.
- Зейнетақы: азаматтық мамандармен салыстырғанда ерте жаста зейнетке шығу мүмкіндігі.
- Мансаптық өсу және білім беру: бірегей кәсіптік білім алу және күш құрылымдарында мансапты одан әрі дамыту мүмкіндігі.
- Жоғары әлеуметтік мәртебе: болашаққа деген сенімділікті, бай кәсіби тәжірибені және әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету.
- Жалпы артықшылықтар
- Патриотизм: мемлекетке қызмет ету, Отанды қорғау және бейбітшілікті сақтау.
- Әлеуметтік қолдау: мемлекет әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелеріне жеңілдіктер мен қолдау көрсетіледі.

Мағжан Жұмабаев ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі.

Директор - бас редактор Нелли ГОРЧАР	Редакцияның мекен жайы: 150880 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13-үй. Тел: 2-17-49. Басылым индексі: 65360 e-mail: magzhan.zhulidzi@yandex.kz	Газет антасына 1 рет бейсенбі күні шығады. Жазылу индексі - 65360	«Magzhan zhuldyzy» газеті редакцияда тәртіпін беттейді. «Сенерний Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл к., Коммунал к-сі, 5-үй). Таралымы - 450	Газет аудан әкімдігі, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша нығарыалады және газеттер арқылы мемлекеттік акпараттық саясатты жүргізуіне і ресми басылым болып табылады
---	--	--	--	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарсын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады